Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16 бабы 1 тармағының 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде бейнебақылау камераларына техникалық қызмет көрсету және бейнебақылауды дабыл түймесімен бірге Жаңаөзен қаласы Орталық басқару орталығының жалпықалалық жүйелеріне қосу қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Қызмет көрсетуші ретінде «Helpnow.kz» ЖШС таңдауымыздың негіздемесі келесідей:

«Helpnow.kz» ЖШС бейнебақылау жүйелерін және қауіпсіздік түймелерін орнату және техникалық қызмет көрсету бойынша сапалы, заманауи және ыңғайлы қызмет көрсетеді. Компанияның басқа жеткізушілерге қарағанда келесі артықшылықтары бар:

- Жаңаөзен қаласы аумағында жеке офисі;
- Жоғары білікті және тәжірибелі мамандармен қамтылған;
- Бейнебақылау жүйесін үздіксіз жұмыс жасауын қамтамыз етуге арналған құрал саймандар қоймасы бар;
- Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда бірнеше жылдан бері қызмет атқырып келеді.
- Сапа мен сенімділік кепілі. Компанияның мол тәжірибесін ескере отырып, ол орнатылған бейнебақылау жүйелерінің сенімділігі мен ұзақ мерзімді жұмысына кепілдік береді деп сеніммен айта аламыз. Барлық жұмыстар сапалы және уақытылы орындалады
- Қызметтердің толық циклі. «Helpnow.kz» ЖШС негізгі артықшылықтарының бірі қызметтердің толық спектрін ұсыну болып табылады. Кәсіпорын жобалау мен орнатудан кейінгі техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге дейінгі жұмыстарды орындайды.